

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша менгерушісі
_____ **Ә.Т.Дөнен**

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру үйимы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақша				
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Қыран» топ Бала саны 25				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Тоғызбаева Жақсыгүл Арапбаева Гулнұр				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	09.01 - 13.01.2023				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбеттің тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				

	(сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру; балалардың балабақшада өздерін ұстауы жайлыш ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>"Ұйымдастырылға н іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайынтаймыз".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету. (еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шанды кетіру әдісін таңдауға үйрету. (еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бұрку".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында жапырақтардың ылғалды қажет етуі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына</p>	<p>"Асхана бойынша кезекшілік".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".</p> <p>(тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сұрту және киімді орнына мұқият бүктеу.</p> <p>Еңбекқорлыққа, тәртіпті көре білуге, ұжымда тату-тәтті еңбек етуге үйрету. (еңбек іс-әрекеті)</p>

			байланысты), суару техникасын еске түсіру. (еңбек іс-әрекеті)	
<p>Дамытушы лото. "Геометриялық фигуранлар". Мақсат-міндеттер. Геометриялық фигуранлар мен түстер туралы білімді нығайтады, зейін, қабылдау, логикалық ойлауды дамытады. (тұнымдық іс-әрекет)</p> <p>"Этиket ережелері". Мақсат-міндеттер. Балалардың мінездікүлкі мен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, этиket ережелерімен танысу, әртүрлі өмірлік жағдайларда балалардың мәдени</p>	<p>"Пазл". Мақсат-міндеттер: балаларға әртүрлі сюжетті суреті бар пазлдың құрастыру үйрету, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштік қасиеттерін дамыту. Ісінің аяғына дейін жеткізуді қадағалап, шыдамдылыққа, байқампаздыққа үйрету. (тұнымдық іс-әрекет)</p> <p>"Стоп-кадр" пантомима жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларға жан-жануар, құстар, құралдар, өнеркәсіп, мәдени мемлекеттік мәдениеттің қалыптастыру, этиket ережелерімен танысу, әртүрлі өмірлік жағдайларда балалардың мәдени</p>	<p>"Сипаттамасы бойынша таны" дидактикалық ойны. Мақсат-міндеттер: сипаттау әңгімесін құрастыруды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту, үқастықтары мен айырмашылықтарын табуды. (қарым-қатынас іс-әрекет)</p> <p>Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. (шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>"Құрылым ойындары "Робот". Мақсат-міндеттер: балалардың қиялын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. (шығармашылық іс-әрекет)</p> <p>"Қажетті киімді алыңыз" дидактикалық ойын. Дидактикалық тапсырма: балалардың қыскы және жазғы киімдерді ажыратуға үйрету. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу. Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс</p>	<p>«Мозаика». Мақсат-міндеттер: балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары. Ойынның барысы: Тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, оның мозаика деп аталатынын, одан</p>

	<p>мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, балалардың айналасындағы адамдармен қарым-қатынас дағдыларын дамыту, балаларға қоғамда қажетті адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу, сөйлеуді дамытуға ықпал ету: дұрыс, дәл және әдемі сөйлеу, сөздік корын байыту, зейін мен есте сақтауды дамыту.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>	<p>кимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдан жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту.</p> <p>- Балалар, қазір сендер әуенде тыңдал, жан-жануарды, құсты немесе жәндіктің қимылдарына еліктеісіндер. Мен болсам, фотоаппаратты қолда ұстап тұрамын.</p> <p>"Стоп-кадр!" - деген белгіні естісендер, сол қалыптарыңды сақтап қалуларың керек.</p> <p>Алдын-ала жұмыста</p>	<p>киім таңдаңыз. Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу. Дидактикалық материал: балалардың санына қарай қуыршақтар мен олардың киімдерінің пішіндері. Қысқы және жазғы пейзаждың суреттері. Ойын барысы. Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар мен қысқы және жазғы киімдер бейнеленген. Мұғалім кезекпен жазғы және қысқы мезгілдердің суретін көрсетеді. Балалар қуыршақтарға сәйкес киім кигізу керек.</p> <p>(карым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі,</p>	<p>геометриялық пішіндер, заттар құрасытруға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсінің үйлесімділігіне көніл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі.</p> <p>(танымдық іс-әрекет)</p>
--	--	--	--	---

	<p>балаларға түрлі жанжануарды, құсты, жәндіктерді көрсетуге болады. Құралдары: әуенди қосу құралы, әуендер жинағы, фотоаппарат немесе смартфон. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</p>	<p>танымдық іс-әрекет)</p>	
Таңертеңгі жаттығу	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар:</p> <p>«Би» - бастапқы қалып: дene тік, аяқ қатар қойылады, орамал ұстаған қол төменде.</p> <p>1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - орамалмен айналып билеу; 4 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>«Биші қызы» - бастапқы қалып: дene тік, аяқ қатар қойылады.</p> <p>1 - қолды жоғары көтеріп, бір аяқтың ұшымен тұру; 2 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>«Паровоз» - бастапқы қалып: дene тік, аяқ қатар қойылады, жүппен тұру.</p> <p>1 - сзық бойымен бір-біріне қарсы жүру; 2 - сзық ортасына келгенде тарап кету; 3 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>- «Қарлығаш» - бастапқы қалып: дene тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.</p> <p>1 - екі қолды екі қапталға жаю; 2 - бір аяқты артқа созып қарлығашты бейнелеу; 3 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>- «Іздер» - бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады. 1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында он жаққа бір ізben жүру; 2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізben жүру; 3 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>- «Аққұтан» - бастапқы қалып: дene тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.</p> <p>1 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстай; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген он аяқты ұстай; 4 - бастапқы қалыпқа келу.</p>		

	- «Достар» - бастапқы қалып: дene тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұрады. 1 - жұптар қолдарынан ұстап; ; 2 - жұптасып айналу; 3 - бастапқы қалыпқа келу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дene шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту. Көркем сөз Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп , Торғайларға тастаңдар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр құйсын. Мақсат-міндеттер. Қардың пайдасы тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық	«Табиғат досы» Қоршаған өмір әлемі, Не деген көркем, әдемі! Сол сұлулықты сақтайық, Мадактайық, мақтайық! Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады. Мақсат-міндеттер. Қардың пайдасы туралы әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	«Қылқалам ханшасы» Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. Мақсат-міндеттер.	Шаттық шеңбері Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойфа түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. Мақсат-міндеттер.	"Қажетті киімді ал". Мақсат-міндеттер. Балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажыратуға үйрету. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу. Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киім таңдаңыз. Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу.

	іс-әрекеті)		әңгімелесу. Мнемотехникины қолдану. (қарым-қатынас іс- әрекеті, зерттеу іс- әрекеті, танымдық іс-әрекеті)	(қарым-қатынас іс- әрекеті, зерттеу іс- әрекеті, танымдық іс-әрекеті)	Дидактикалық материал. Балалардың санына сәйкес құыршақтар мен құыршақ киімдерінің пішіндері. Қыскы көріністің суреттері. Ойын барысы. Балалардың алдындағы үстелде құыршақтар, олардың қыскы және жазғы киімдері бейнеленген. Мұғалім жазғы және қыскы көріністерді білдіретін суреттерді көрсетеді. Балалар құыршақтарға жыл мезгіліне сәйкес киімді кигізу керек. (қарым-қатынас іс- әрекеті, зерттеу іс- әрекеті, танымдық іс-әрекеті)
Білім беру	Cayat ашу негіздері	Cayat ашу негіздері	Математика	Математика	Cayat ашу негіздері

ұйымының кестесі бойынша	"[й] дыбысы және Йй әрпі".	"[й] дыбысы және Йй әрпін қайталау".	негіздері "Сиқырлы су" пысықтау	негіздері Жануарлардың жүпты мен үштік топтары	"[ғ] дыбысы және Ғғ әрпі".
	Мақсат-міндеттер: Й дыбысы мен әрпін таныстыру. Й дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету.	Мақсат-міндеттер: Й дыбысы мен әрпін қайталау. Й дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету.	Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы қардың қасиеттері туралы түсініктерін көңейту; қардың ерекшеліктерімен таныстыруды жалғастыру; «қар», «қар ұшқыны» мысалдары, «ақшақар», «аққала» біріккен сөздер, яғни, екі түбірдің бірігуі арқылы жасалатын күрделі сөздер	Балалардың қар мен судың қасиеттері мен ерекшеліктері жайлышты; білімдерін көңейту; судың шартты өлшемі туралы ұғымдарын қалыптастыру; судың маңыздылығын түсіндіру; жылда санауга жаттықтыру; ерекшеліктері жайлышты; судың шартты өлшемі туралы ұғымдарын қалыптастыру; судың маңыздылығын түсіндіру; жылда санауга жаттықтыру; іс-тәжірибе жасаудың арқылы қорытынды жасай білу білігін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлаудың көру қабілетін, зейіндерін дамыту; санауга жаттықтыру; іс-тәжірибе жасаудың арқылы қорытынды жасай білу білігін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлаудың көру қабілетін, зейіндерін дамыту; ізденімпаздылыққа, тапқырлыққа, нақтылыққа тәрбиелеуді пысықтау.	Мақсат-міндеттер: балалардың қорына мән беріп, байланыстыра сөйлеуге үйрету.
ұйымдастырылған іс-әрекет	Қазақ тілі "Қар. Тұынды сөздер."	Математика негіздері "Сиқырлы су"	Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы қардың қасиеттері туралы түсініктерін көңейту; қардың ерекшеліктерімен таныстыруды жалғастыру; «қар», «қар ұшқыны» мысалдары, «ақшақар», «аққала» біріккен сөздер, яғни, екі түбірдің бірігуі арқылы жасалатын күрделі сөздер	Мақсат-міндеттер: балалардың "тоғыз" саны туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "тоғыз" жынын санын күрайтын элементтер түрлері жайлышты; түсінігін дамыту; сандардың өсу және кему нәтижелерін түстестіру және беттестіру тәсілдері арқылы табуға үйрету.	Жапсыру "Аққала" Мақсат-міндеттер: балалардың дайын дөңгелек пішінді қағаздар арқылы аққала бейнесін құрастырып, ағаш бұтағы, қолғап, аққала бет әлпеті бейнеленген дайындалардан аққаланы жапсыруға үйрету.

<p>туралы білімдерін бекіту; судың көрінісі ретінде қардың еруі, мұздың қасиеттері туралы түсінік беру; мақалдың мысалында қардың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру. Қазақ тіліндегі сөздерді мұқият тыңдауды, байқауды, «қар» сөзімен түбірлес сөздерді атауды үйрету; мнемокестелерге сүйене отырып, құрамында төрт және бес сөзге дейін сейлемдер құрай білу дағдыларын дамыту; «қар» тақырыбына арналған өлеңдердегі сөздерді айтуға машиқтандыру; «Ақшақар»</p>	<p>ұсақ моторикасын, логикалық ойлау, көру қабілетін, зейіндерін дамыту; ізденімпаздылыққа, тапқырлыққа, нақтылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Музыка "Қысқы ойындар"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды әннің сөздік мазмұнын түсініп, шырқауда дауысымен эмоционалды жеткізуге ынталандыру; тәмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "Қысқы көрініс"</p> <p>Мақсат-міндеттер: қалалардың қыс-</p>	<p>Қазақ тілі "H дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау)." Мақсат-міндеттер. [-h] дыбысының артикуляциясын нақтылай отырып h әрпін параққа бастырып жазуды көрсету; h дыбысын буында, сөзде, сөйлемнің ішінде дұрыс және анық айтуды үйрету; артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындаудын, ауаны дұрыс бағыттын қалыптастыру; көру және есту қабілетін дамыту, қолдың ұсақ моторикасын,</p>	<p>ерекшеліктері туралы білімдерін көңейту.</p> <p>Музыка "Ақ тиін" Мақсат-міндеттер: балаларды тиін туралы әнді қызығушылықпен тындаі білуге үйрету; әннің сипатына қарай музикадағы тәмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.</p> <p>Қоршаган ортамен таныстыру "Ақ ұлпа қар"</p> <p>Мақсат-міндеттер: қар жайлы білімдерін көңейту, қардың қасиетін тәжірибе арқылы аша отырып, өзгеріске түсетінін түсіндіру.</p>	<p>Дене шынықтыру Доппен жаттығулар Мақсат-міндеттер: балаларды тізені жоғары көтере отырып секіргіштен аттау арқылы жүру; 4 м арақашықтықтан қапшықты тік нысанана иықтан асырып, оң қолмен лақтыруға үйрету.</p> <p>Көркем әдебиет "Н. Жанаев «Ақ қоян» өлеңін оқу. Мазмұны бойынша әңгімелесу" (қайталау)</p> <p>Мақсат-міндеттер: жыл мезгілдері туралы түсініктерін көңейту, әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін айтуға, көргендері мен аңғарғандарын дұрыс мазмұндауға</p>
---	---	--	--	---

	<p>ертегісіндегі мысалдар мен су туралы ақылды карта сызбасына сүйене отырып, қардың қасиеті туралы корытынды жасауды үйрету; логикалық ойлауды дамыту. Байқағыштыққа, қызығушылыққа, достыққа, қоршаған әлемге сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру "Екі тобық арасына доп қысып алып жүруді пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды екі тобық арасына доп қысып алып жүргүгө үйрету.</p> <p>Қоршаған ортамен тәнисстыру "Конаққа келген</p>	<p>мезгілі және оның ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>Дене шынықтыру "3 метр қашықтықтан тура бағытта доп домалату" Мақсат-міндеттер: балаларды 3 метр қашықтықтан тура</p>	<p>дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту; жанылтпаш айту арқылы тіл байлықтарын арттыру, қыс мезгілі, қардың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс істеуіне, өзінің сөйлеу тілін қадағалауды тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру "3 метр қашықтықтан тура бағытта доп домалату" Мақсат-міндеттер: балаларды 3 метр қашықтықтан тура</p>	<p>үйрету.</p>
--	---	---	---	----------------

	<p>Аққала" Мақсат-міндеттер: балаларды қыс мезгілінде ойнатылатын ойындар туралы білімдерін тиянақтау; қыскы олимпиада ойындары туралы жалпы ұғымдар беру; ойындарға қатысу және бақылау нәтижесінде түсініктерді өздігінен айтуға үйрету.</p>	<p>бағытта доп домалатуға үйрету. Көркем әдебиет "Н. Жанаев «Ақ қоян» өлеңін оқу. Мазмұны бойынша әңгімелесу" Мақсат-міндеттер: жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту, әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін айтуға, көргендері мен аңғарғандарын дұрыс мазмұндауға үйрету.</p>	
2- таңғы ас	Тағамның атаяуын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-тигиеналық дәғдыштар, сойлеуді дамыту, көркем сөз)		
Серуенге дайындық	<p>Серуендеуге дайындық.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстau ережелерін қайталау. 2. Кімді киіндіру алгоритмін қайталау. 3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстau ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды. 4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі. 		

(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)					
Серуен	<p>Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Өсімдіктер туралы білімдерін кеңейту және тереңдегу.</p> <p>Зерттеу. Шөп өскен жерде терең қарды қазып алыңыз. Қар жамылғысының астында әлсіз жапырақтары бар, жерге басылған кішкентай жасыл өсімдіктерді көруге болады. Балаларға қар топырақтың салқындауына жол бермей, сүйктан қорғайды деген тұжырымға жетелеу. (зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>Қарға мен сауықсанды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Сауықсан мен қарғаны салыстыруды, айырмашылықтарын табуды үйрету.</p> <p>Зерттеу. Балабақша алаңынан құстардың іздерін іздеу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: тұқым себуге жүйекшелерді дайындау.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс жасай білуге баулу.</p>	<p>Қар ұлпаларын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Үлпақтардың пішіні әртүрлі болатынына назар аудару; салыстыруға үйрету, танымдық белсенділікті дамыту.</p> <p>Зерттеу. Қардың қайда тезірек еритінін байқау.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: тұқым себуге жүйекшелерді дайындау.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс жасай білуге баулу.</p>	<p>Қар тазартқышты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Көліктерді енбекте қолданудың маңызы, олардың құрылымының ерекшеліктері туралы түсініктептерін кеңейту; технологияға деген қызығушылықты және ересектердің енбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Зерттеу. Қар тазалайтын көлік пен жедел жәрдем көлігі екеуін салыстыру.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштардың тамырларын қармен жабу. (еңбек іс-</p>	<p>Қардың түсін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыс - қардың түсінік туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Зерттеу. Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштардың тамырларын қармен жабу. (еңбек іс-</p>

<p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштарға қар күреу. (енбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қамқорлыққа тәрбиелеу. Қымыл-қозғалыс ойындары: "Әр түрлі аймақтарда не өседі?" (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Ағаштардың атауларын бекіту.</p>	<p>Қымыл-қозғалыс ойындары: "Пингвиндер", "Басып кетпе!" Мақсат-міндеттер. Затты екі тізенің ортасына қысып алып, екі аяқпен секіру іскерліктерін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Допты нысанана лақтыру қабілетін бекіту.</p>	<p>құрастыру. (енбек іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Істі соңына дейін жеткізуге үйрету; бірлесіп әрекет ету қабілетін дамыту. Қымыл-қозғалыс ойындары: "Екі аяз". (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша зейінін және әрекет ету қабілетін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Мұқият өт". Мақсат-міндеттер. Заттардың арасынан "жылан" секілді өту.</p>	<p>тапсырмалары: алаңдағы қарды тазарту және лабиринт құрастыру. Мақсат-міндеттер. Бірлесіп әрекет етуге, істі соңына дейін жеткізуге үйрету, еңбек дағдыларын тәрбиелеу. (енбек іс-әрекеті) Қымыл-қозғалыс ойындары: "Аңшылар мен аңдар", "Ұсталма", "Тез ал, тез қой". (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Моториканы нығайту; эмоционалдық саланы, ептілік пен батылдықты дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Көпірден өт". Мақсат-міндеттер. Тепе-тендікті сақтай</p>	<p>әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс жасау қабілетін дамыту. Қымыл-қозғалыс ойындары. "Аққала ойыны". (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Қар лақтыруды үйрету.</p>
--	---	---	---	---

			отырып жаттығу жасау.	
Серуенниен оралу	<p>Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты). Аяқ массажы. Мақсат-міндеттер: төсекте жатып, гимнастикалық жаттығуларды өздігінен жасауга машықтандыру. Резенке төсеништермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, деңе шынықтыру)</p>			
Тұскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту. Көркем сөз Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп , Торғайларға тастаңдар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>			
Құндізгі үйқы	Балалардың тыныш үйықтауына жайлы жағдай жасау.			
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	<p>Біртінде үйқыдан тұрғызу (музыка ақырын ойнайды). Үйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындейді; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың үйқыдан біртінде ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін деңсаулық жолымен жүру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, деңе шынықтыру)</p>			
Бесін ас	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту. Көркем сөз</p>			

	<p>Нан қоқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар. Теріп алыш қастерлеп , Торғайларға тастандар.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Дидактикалық ойын. "Қарама-қарсы сөздер" (Заттың орналасу орны) Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың қыс мезгілі жайындағы түсініктерін тиянақтау, қыскы құбылыстарға көніл аудару; "қыс мезгілі" үғымына сәйкес келетін сөздерді табуға ынталандыру; ой-қиялын дамыту.</p> <p>Сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; сөздік қорды байыту; эрудиция қабілеттеріне тәрбиелеу.</p> <p>Шарты.</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Ассоциациялар" (Қыс мезгілі) Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың қыс мезгілі жайындағы түсініктерін тиянақтау, қыскы құбылыстарға көніл аудару; "қыс мезгілі" үғымына сәйкес келетін сөздерді табуға ынталандыру; ой-қиялын дамыту.</p> <p>Күралдар.</p> <p>Қыс мезгілі жайында суреттер немесе бейнежазба. Қыс мезгіліне байланысты мнемокарточкалар.</p> <p>Шарты.</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары). Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін қолдану.</p> <p>Шарты.</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Не жасырынғанын айт".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Шарты.</p>	<p>Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер". Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлықта, зияткерлікке тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар: доп.</p> <p>Шарты.</p> <p>Балалар бір тізбекке, жарты шенберде (шенберде) отырады (тұрады).</p> <p>Алғашқы кезендерде жүргізуші балаларға жасырынған затты жүргізуші рөлін</p>

Балалар педагог ұсынған әрбір сөзіне қарама-қарсы сөздерді атап отыруы тиіс. - Оң жақ - (Сол жақ). - Ішінде - (Сыртында). - Теменде - (Жоғарыда). - Ортасында - (Шетінде). - Таязда - (Теренде). - Солтүстікте - (Оңтүстікте). - Шығыста - (Батыста). - Жақында - (Алыста). - Оң жақ - (Сол жақ). - Артында - (Алдында). - Басында - (Аяғында). - Сонында - (Басында). (тәнімдық іс- әрекет, зерттеу іс-	Балалар қыс мезгіліне байланысты құбылыстарды, жанды және жансызы табиғатта болатын ерекшеліктерді атап керек. Педагог балалардың тақырыпқа деген қызығушылығын оюту үшін тақпақты оқып беруі мүмкін, болмаса қыс туралы өздері білетін тақпақтарды кезекпен айтып бере алады. Мысалы, А. Асылбековтің өлеңіне көніл аударуға болады. Қандай сұық қыс деген? Қалтырайды құс деген. Құлақшынды кимесен, Құлағынды тістеген .	Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары. Шарты. Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауштарды қойып, өздеріне бір- бірден таңдал алуды ұсынады. Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгенмен кеін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, "жел ш-ш- ш" немесе "у-у-у" деп	(оїыншықты, құбылысты, жануарды, құстары, өсімдікті) сөзбен сипаттайды, нақты атауын атамайды, оїыншы балалар жауабын табуға тырысады. Алғашында педагог балалар үшін заттың сипаттамасын қарапайым және нақтылы береді, содан соң тапсырмалар күрделене бастайды. Мысалы, "Бұл өсімдік, қылқан жапырақты ағаштарға жатады, пішіні үшбұрышқа келеді", "Бұл жиназ, ол пластиктен де, ағаштан да жасалады, адамның демалуына жағымды ықпал	педагог өзі атқару мүмкін, оїын шартының орындалуын реттеп отыру үшін. Жүргізуі допты кезегімен әрбір балаға "От!", "Су!", "Аспан!", "Жер!" сөздерін айтып допты қолға лақтырады. Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай бір ғана жауап береді. Мысалы, "от" - өзін- өзі айналу, "су" - суда мекендейтін балық, судың астында мекен ететін жануарды атап, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атап, "жер" - жануар, жәндікті атау. (тәнімдық іс-
---	--	---	--	---

әрекет)	Қандай қызық қыс деген?	Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды т.б..	(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)	әрекет, зерттеу іс-әрекет)
Сюжетті-рөлдік ойын.	Бәрін шебер істеген. Жерде, үйде, тауларда, Боялған ақ түспенен. Педагог көркем сөзді оқып болғаннан кейін, ойын барысына өтуі мүмкін. Егер балаларда қындықтар туындал жатса, қыс туралы суретті немесе бейнежазбаны алдымен көрсетіп, көз алдынан алыш қойып, содан соң балаларға қыс жайында ассоциацияларды айтуға ұсына алады.	(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)	Сюжетті-рөлдік ойын.	Сюжетті-рөлдік ойын.
"Спорттық жаттығу залы".	Мақсат-міндеттер. Спорттық жаттығу залы туралы балалардың үфымдарын нығайту; жаттықтырушы жайында, атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, салауатты өмір салтына тәрбиелу.	Педагог көркем сөзді оқып болғаннан кейін, ойын барысына өтуі мүмкін. Егер балаларда қындықтар туындал жатса, қыс туралы суретті немесе бейнежазбаны алдымен көрсетіп, көз алдынан алыш қойып, содан соң балаларға қыс жайында ассоциацияларды айтуға ұсына алады.	Сюжетті-рөлдік ойын.	"Кітапхана". Мақсат-міндеттер. Кітапхана жайында балалардың түсініктерін нығайту; кітапханашының негізгі қызметін анықтау; тәртіптілікке, үфымталдыққа, төзімділікке тәрбиелу.
Кұралдар.	Спорт киімдері, ойыншық спорттық жабдықтар немесе макеттері.	Көз алдынан алыш қойып, содан соң балаларға қыс жайында ассоциацияларды айтуға ұсына алады.	Мақсат-міндеттер. Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысы ерекшелігі жөніндегі үфымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға тәрбиелу.	Кұралдар.
Шарты.	Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде спорттық	(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)	Кітаптарға сөрелер, әртүрлі кітаптар; оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген карточкалар.	Кұралдар: сөрелер, ойыншықтар, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қарражат қағаздары.
		Сюжетті-рөлдік	Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық Сатушы өз қалауы	Шарты.

жаттығулардың маңызы, жаттықтыруши қызметінің мәні туралы суреттер, бейнежазбалар бойынша әңгімелейді.	ойын. "Аурухана". Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбіке) жөнінде үғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.	киім үлгілері (көрнекілік куыршаққа арнайы тігілген); ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен дүкенге саяхатты үйимдастыруы мүмкін. Балалар дүкен жайында суретті, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" үғымына киімдер де жататынын, киімдердің сыртқы киім, маусымдық киім және ішкі киім болып бөлінетіні жайында түсіндіреді. Киімдердің үтіктеліп,	жұмыстары ретінде кітапхана жұмысы, кітапханашы қызметінің мәнін білдіретін суреттер бойынша әңгімелейді, үлкен кітапханалар жайында бейнежазбаларды, фотосуреттерді тамашалайды. Балалар кітапханашы жұмысын қалай атқарып үйірманнан берілген кітап үшін карточканы алу, толтыру), қандай күралдарды қолданатыны, оқырманның міндеті мен құқысын қалай іске қосуға болатынын біліп алуы тиіс. Балалардың арасынан	бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон) ойыншықтарды бірін таңдал, өз қалауларын айтып жатады. Сатушы ойыншықтарды сөрелерге орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтып, оны "сатады". Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.
--	---	---	---	--

<p>жабдықтары), балалар ойын барысында осы сөздерді еркін қолдана алады. Ниетін білдірген бірнеше бала жаттықтырушы рөлін атқарады, кейін балалар рөлдерді бөлу үшін санамақты қолданады.</p> <p>Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелден отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын, сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.</p> <p>Сонында педагог балалармен бірге</p>	<p>кейіпкер ойыншықтар. Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып немесе өздеріне қаралатын жағдайлар жайында өзара келісіп шешеді. Шарты.</p> <p>Педагог дайындық жұмысында балалармен медицина мамандары жайында әңгімелесуі керек. Балалар дәрігерлердің адамның қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қоятынын талқылап алуы керек.</p> <p>Балалар өздеріне ұнайтын</p>	<p>сатып алушыға әдемі күйінде ұсынылыту керектігі жайында да айтылу тиіс. Сатушы немесе бірнеше сатушы өз қалаулары (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаржат, смартфон), ойын барысында қолданады.</p> <p>Сатушы тауарларды өз орындарына орналастырып, бағаларын анықтайды, сатушыларға киім үлгілерінің ұтымды жақтарын айтып, оларды сатады.</p> <p>Ойынды үйимдастырғанда киімді өлшейтін</p>	<p>кітапханашылар (өз қалауымен) таңдалады немесе санамақ қолданылады. Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелден отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын, сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.</p> <p>Сонында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: кітапханадағы негізгі шарттың бірі - тыныштық сақтау, қатты сөйлемеу; тағы бір шарт - кітаптарды тазалықта ұстаяу,</p>	<p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>
---	--	---	---	---

	<p>қорытынды жасай алады: денсаулығың мықты, денен шымыр болу үшін, ерінбей жаттығу жасау керек; жаттығу залында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>дәрігерлердің рөлдерін бөлісіп алады, олардың киетін киімдерін және қолданатын құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Сонында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі, тамақтануы, күнделікті жасайтын әрекеттері әсер ететінін анықтайды.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық</p>	<p>орынды да ескеру керек. Балалар өз қуыршақтарын алып, белгіленген жерде киімдерді кигізіп көреді. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін</p>	<p>окып болғаннан кейін кітапханаға қайтару.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	
--	---	---	---	--	--

		іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс- әрекеті)	құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек. (қарым-қатынас іс- әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс- әрекеті)		
Балалармен жеке жұмыс	Жаңылтпаштар айтқызы. Аппак, аппак, бәрі аппак, Ақ қар аппак, бәрі аппак. Ақ бұлт, қырау, мақта аппак. Ақ сүт, айран, қант та аппак. (қарым-қатынас іс- әрекет)	"Ненің құйрығы?" Мақсат-міндеттер. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін жөне қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Барысы. Бір күні таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып қалғанын көрді. Қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда тұлқінің құйрығы, тұлқіде аюдың құйрығы.	"Сәйкесін тап" ойыны. Үстел ұсті ойыны арқылы ойналады. Қыынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту. (танымдық дағдылар)	Дайын суретті бояу тапсырмасы. Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған қыс мезгілінің (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдал, бояп шығады. (сурет салу)	"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; кейіпкерлелейдің сөздерін жаттап алуға құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)

	<p>Жануарлар мұңайып қалды. Қасқырдың қүйрығы қоянға сәйкес келе ме?</p> <p>"Бұл ненің қүйрығы?" сұрағына жауап бере отырып, жануарларға қүйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың қүйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын және т.б..)</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет)</p>		
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киоін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)		
Серуен	Тұсқі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)		
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алады, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)		
Кешкі ас	Тағамның атаян еске сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)		
Балалардың дербес	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту,		

әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарап және тағы басқа әрекеттер)	<p>кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында қыс қызығы тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамактар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>				
Балалардың үйге қайтуы (ата- аналарға кеңес)	Ата-аналармен әңгімелесу «Жыл мезгіліне сай балалардың киінуі.	Әкелермен әңгімелесу: «Бала тәрбиесінде кімнің орны басты рөл атқарады?»	«Айна бір рет отбасы күнін өткізу».	Кеңес: «Ойын – баланы дамыту құралы».	Экологиялық қайырымдылық шарасы «Гүл отырғызайық». Ата- аналармен топ бөлмесін безендіру.

Әдіскер:А.А.Сулейменова